ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 03 қараша 7119-23-00-2/12020 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Астана қаласы әкімдігінің "Балалар көркем сурет мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Elite Tender Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Астана қаласы әкімдігінің "Балалар көркем сурет мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының "Elite Tender Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

"Elite Tender Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Elite Tender Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен "Астана қаласы әкімдігінің "Балалар көркем сурет мектебі" мемлекеттік

коммуналдық қазыналық кәсіпорны пайдасына 6232 (алты мың екі жүз отыз екі) тенге айыппұл сомасы өндірілсін.

«Elite Tender Management " жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1912 (бір мың тоғыз жүз он екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Документ подписан: Шамшильдин Т., 03.11.2023

Дата вступления в законную силу: 11.12.2023, судья Бакишев А. Б., 27.12.2023

7119-23-3-1/11935